

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының Жиеналы ауылдық округіндегі сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Балықтыкөл көлінің, атауы жоқ көлдің және Шаған өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылықта пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 106 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 15 сәуірде № 8624 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануын мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының Жиеналы ауылдық округіндегі сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Балықтыкөл көлінің, атауы жоқ көлдің және Шаған өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының Жиеналы ауылдық округіндегі сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Балықтыкөл көлінің, атауы жоқ көлдің және Шаған өзенінің су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызмет режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Семей қаласының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы уәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырсын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроөнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысы әкімі

Д. Ахметов

" К Е Л І С І Л Д І "

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Экология, геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысының міндетін атқарушы

М.

И м а н ж а н о в

2021 жылғы " ____ " _____

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің
2021 жылғы 12 сәуірдегі
№ 106 қаулысына
қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының Жиеналы ауылдық округіндегі сұралып отырған жер учаскесі тұстамасындағы Балықтыкөл көлінің, атауы жоқ көлдің және Шаған өзенінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері

Су объектісі	Су қорғау аймақтары			Су қорғау белдеулері		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Балықтыкөл көлі оң жақ жағалау	9,5648	513,6	500-617	9,070	82,1	35-144
Балықтыкөл көлі сол жақ жағалау	7,5395	537,3	500-993,8	8,9627	122,2	35-733
Атауы жоқ көл оң жақ жағалау	1,0482	66,6	120-650	1,9807	26,5	150-250
Атауы жоқ көл сол жақ жағалау	3,1085	139,0	620-650	1,69	22,4	105-185
Шаған өзені оң жақ жағалау	0,318	14,0	500	0,775	3,1	35
Шаған өзені сол жақ жағалау	1,322	81,3	500-1286	1,2005	37,5	35-812

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК